



**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Финляндия Республикасы
Білім министрлігі арасындағы білім және ғылым саласындағы өзара түсіністік туралы
МЕМОРАНДУМ**

Меморандум, Хельсинки қ., 2009 жылғы 24 наурыз

Р Қ А О - н ы ң

е ск е р т п е с і !

Меморандум 2009 жылғы 24 наурызда күшіне енді.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Финляндия Республикасы Білім министрлігі,

Қазақстан Республикасы мен Финляндия Республикасы арасындағы достық қатынасты нығайту мақсатында,

екі мемлекет арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын растайды отырып,

Тарап мемлекеттерінің білім және ғылым үйімдары арасындағы ынтымақтастықтың күштегі түрлерін идет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті.

1-бап

Осы Меморандумның ережесі Тарап мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2-бап

Тараптар мынадай бағыттарда екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың жүзеге асырылуына ықпал етеді:

Тарап мемлекеттерінің білім және ғылым үйімдары арасында екіжақты ынтымақтастықты орнатуға және дамытуға ықпал ету;

білім және ғылым саласындағы ақпаратпен және жұмыс тәжірибесімен алмасу;

осы Меморандум шенберінде өзара қызығушылық танытатын салалардағы ынтымақтастық.

3-бап

Әрбір Тарап өз мемлекетінің аумағында басқа Тараптың мәдениеті мен тілін оқытуға және таратуға ықпал етеді.

4-бап

Тараптар Тарап мемлекеттерінде берілетін білім, ғылыми дәреже және атақтар туралы құжаттарды тану және олардың баламалығын белгілеу тетіктерін құруға ықпал етеді.

5-бап

Тараптар білім және ғылым саласындағы қызметкерлермен, сондай-ақ құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері анықталатын Тарап мемлекеттерінің мұдделі білім беру үйимдарының арасындағы екіжақты шарттар негізінде бакалавр, магистрлік және докторлық бағдарлама бойынша білім алушылармен баламалы алмасу жөніндегі білім беру үйимдарының бастамаларын қолдайды.

6-бап

Фин тарапы Center of the International mobility (CIMO) атынан университет бітірген (Магистр дәрежесін алған) шетел азаматтары, зерттеушілер (Магистр немесе Доктор дәрежесін алған) университеттің мұғалімдері мен әкімшілік қызметкерлері үшін гранттар мен стипендиялар тағайындаиды. Оқу шарттары туралы ақпарат <http://finland.cimo.fi> және www.edu.gov.kz сайттарында орналастырылады.

7-бап

Тараптар, егер әрбір нақты жағдайда басқа да тәртіптер келісілмейтін болса, өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларымен қарастырылған қаражат шегінде Осы Меморандумды орындау барысында туындаған шығыстарды дербес мойнына алады.

8-бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Меморандумның ережелерін талқылау немесе қолдану кезінде туындаитын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

10-бап

Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Осы Меморандум бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде-біреуі

өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы ағымдағы кезеңнің аяқталуына дейін алты ай бұрын жазбаша хабарлама жолдамаса, автоматты түрде келесі бес жыл кезеңге ұзартылады.

Егер Тараптар әрбір нақты жағдайда өзге шешім қабылдамаса, осы Меморандумның қолданылуын тоқтату оның шенберінде жүзеге асырылатын, осы Меморандумның қолданылуын тоқтату мерзіміне дейін аяқталмаған жобалар мен бағдарламаға әсерін тигізбейді.

2009 жылғы наурызынан 24-інде Хельсинки қаласында әрқайсысы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

(Қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК